


» Бүгін – кітапханашылар күні

Білімнің тынысы, руханияттың тірегі



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кітапхана ісін дамыту мен кітап оқу мәдениетін көтеруге айрықша назар аударып келеді. Елімізде 24 қазан Кітапханашылар күні болып бекітілді. Сонымен қатар, Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында 23 сәуір – Ұлттық кітап күні ретінде белгіленді. Бұл шешім кітапхана саласында қызмет етіп жүрген мамандар үшін қуанышты жаңалық болды. Көп жылдар бойы еленбей келген рухани еңбектің мойындалуы – сала қызметкерлері үшін зор ынталандыру.

Біздің оқу орнымыздағы ақпараттық білім беру орталығында Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауларын талқылаудан бастап, түрлі мәдени-ағартушылық іс-шаралар өткізіліп келеді. Мұның барлығы 30 мыңға жуық студенттің білім алуына және кәсіби қалыптасуына оң әсер етеді.

Орталық қызметкерлері оқырмандарға баспа және электронды дерекқорлар ұсынып, семинарлар мен конференциялар ұйымдастырады. Сонымен бірге ақын-жазушылардың мерейтойларына арналған көздесулер, «дөңгелек үстел» мәжілістері, танымдық бейнероликтер мен кітап көрмелері жиі өткізіледі. «Кітап қорын қалыптастыру», «Библиография», «Құжаттарды жүйелеу және ғылыми өңдеу» бөлімдері кітаптарды іріктеу, тіркеу және электрондық базаға енгізу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізеді.

Ақпараттық білім беру орталығында екі миллионнан астам кітап қоры бар. Мұнда

Нұртас Оңдасынов атындағы ғылыми оқу залы, «Open access» форматындағы Мұрат Жұрынов және Асма Қалыбекова атындағы оқу залдары жұмыс істейді. Басшылықтың қолдауымен оқу корпустарындағы залдар мен абонементтер кезең-кезеңімен жаңартылып, оқырмандарға қолайлы жағдай жасалуда.

Орталықтың директоры Индира Сәуірбаеваның басшылығымен кітапхана қызметін жетілдіру бағытында бірқатар оң өзгерістер байқалады. Кітапхана десе көпшілік көбіне тыныш бөлме мен сөрелерге тізілген кітаптарды ғана елестетеді. Алайда, кітапханашының еңбегі бұдан әлдеқайда ауқымды. Олар қорды жүйелеп, іс-шараларға дайындық жүргізіп, ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет атқарады. Кітапханада бірнеше тілді меңгерген, ғылым мен әдебиет саласында терең білімі бар мамандар жұмыс істейді.

Кітапханашының еңбегі – ұрпақ тәрбиесіне, білім мен мәдениетті дамытуға бағытталған үздіксіз процесс. Өзге салалардағы мамандар сияқты, кітапханашылар да үлкен жауапкершілік арқалайды. Ұйымшыл ұжым алдағы уақытта да өз жұмысын жүйелі жүргізіп, сапалы қызмет көрсетуге басымдық бөрмек.

**Қарлығаш ҮСЕНҚҰЛОВА,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан зерттеу
университеті ақпараттық білім
беру орталығының
кітапханашысы, педагогика
ғылымдарының магистрі.**